



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2023 жылғы тамыз

2023 жылғы тамызда елде жылдық инфляция **13,1%**-ды құрады (**шілдеде – 14,0%**). Азық-түлік тауарларының және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы бір жылда тиісінше 12,4%-ға дейін (шілдеде – 13,5%) және **13,5%-ға дейін баяулады** (шілдеде – 15,0%), ал ақылы көрсетілетін қызметтердің бағасы **13,9%-ға дейін өсті** (шілдеде – 13,6%).

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 20 өңірде баяулады. Жылдық инфляция 8 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Ақмола облысында (14,1%), Астана қаласында және Солтүстік Қазақстан облысында (13,9%-дан) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2022 тамыз – 2023 тамыз), %-бен

Ақмола	17,8	14,1
Астана қ.	17,3	13,9
Солтүстік Қазақстан	16,3	13,9
Алматы қ.	15,9	13,7
Қарағанды	16,6	13,5
Жамбыл	14,8	13,3
Қызылорда	15,5	13,3
Жетісу	16,2	13,2
Маңғыстау	19,3	13,1
Қазақстан Республикасы	16,1	13,1
Түркістан	16,0	13,1
Шығыс Қазақстан	16,8	12,9
Қостанай	15,9	12,8
Ұлытау	18,6	12,7
Батыс Қазақстан	16,0	12,6
Ақтөбе	16,1	12,5
Абай	16,9	12,4
Алматы	13,6	12,3
Шымкент қ.	15,5	12,3
Павлодар	15,9	12,3
Атырау	16,5	11,0

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары ел бойынша деңгейден (12,4% ж/ж) жоғары Астана қаласында (16,2%), Ұлытау (16,1%), Қызылорда (14,3%), Ақмола (13,7%), Солтүстік Қазақстан (13,5%), Маңғыстау (13,4%), Жамбыл (13,3%), Қарағанды (13,0%), Абай (12,8%), Қостанай (12,7%) және Батыс Қазақстан (12,5%) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегіден (13,5% ж/ж) жоғары Астана қаласында (16,2%), Алматы қаласында (15,4%), Түркістан (14,6%), Шығыс Қазақстан (14,5%), Жамбыл (14,2%), Солтүстік Қазақстан (14,1%) облыстарында, Шымкент қаласында (13,9%) және Қызылорда облысында (13,8%) өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы мына өңірлерде: Ақтөбе (17,4%), Жетісу (17,3%), Түркістан (16,8%), Ақмола (16,6%), Қарағанды (16,1%), Алматы (15,1%) облыстарында, Алматы қаласында (14,9%), Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан (14,4%-дан) облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында (14,0%) жалпы республикалық деңгейден (13,9% ж/ж) жоғары өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	12,4	13,5	13,9
Ақмола	13,7	12,7	16,6
Ақтөбе	10,0	11,7	17,4
Алматы	11,6	11,4	15,1
Атырау	10,4	12,5	10,4
Батыс Қазақстан	12,5	12,3	13,1
Жамбыл	13,3	14,2	12,4
Қарағанды	13,0	11,3	16,1
Қостанай	12,7	13,5	12,2
Қызылорда	14,3	13,8	11,1
Маңғыстау	13,4	11,5	14,4
Павлодар	11,8	11,9	13,4
Солтүстік Қазақстан	13,5	14,1	14,4
Түркістан	10,9	14,6	16,8
Шығыс Қазақстан	12,3	14,5	12,1
Астана қ.	16,2	16,2	9,5
Алматы қ.	11,3	15,4	14,9
Шымкент қ.	9,7	13,9	14,0
Абай	12,8	12,3	11,7
Жетісу	11,5	12,4	17,3
Ұлытау	16,1	9,6	11,3

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы тамызда елде айлық инфляция 0,7%-ды құрады, бұл тарихи орташа мәннен¹ (2017-2021 жылдардағы тамызда 0,2%) жоғары. Атырау облысын және Шымкент қаласын қоспағанда, барлық өңірлерде 2023 жылғы тамызда баға орташа тарихи мәнінен жоғары өсті. Түркістан және Батыс Қазақстан облыстарында баға өсуі орташа тарихи мәнінде қалды. Қарағанды облысында (1,3%) айлық инфляцияның ең жоғары мәні байқалды.

2-кесте. 2023 жылғы тамыздағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы тамыздағы орташа мәні	2023 жылғы тамыз
Қазақстан Республикасы	0,2	0,7
Қарағанды	0,0	1,3
Ақмола	0,3	1,2
Алматы қ.	0,3	1,1
Жамбыл	0,2	0,9
Абай	-	0,7
Жетісу	-	0,7
Алматы	0,1	0,6
Маңғыстау	0,3	0,6
Түркістан	0,6	0,6
Астана қ.	-0,1	0,6

Өңірлер	5 жылғы тамыздағы орташа мәні	2023 жылғы тамыз
Ақтөбе	0,2	0,5
Қызылорда	0,4	0,5
Шығыс Қазақстан	0,1	0,5
Қостанай	0,1	0,4
Солтүстік Қазақстан	0,2	0,3
Ұлытау	-	0,3
Атырау	0,4	0,2
Батыс Қазақстан	0,2	0,2
Павлодар	0,0	0,2
Шымкент қ. ⁱⁱ	0,3	0,2

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулер

¹ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.

ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән